

6D080200 «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша Г. К. Долдашеваның философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Ақмола облысы жағдайында жас қой етін өндіру технологиясын жетілдіру» тақырыбына орындалған диссертациялық жұмысына

## П К І Р

Қазақстанда мал шаруашылығы, оның ішінде қой шаруашылығы ежелден негізгі өндіріс саласы болып келеді. Ол жергілікті халықты азық-түлікпен, тамақ және жеңіл өнеркәсіптерін құнды шикізатпен қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары халықтың етке деген, оның ішінде жас қой етіне деген сұранысын қамтамасыз ету өте маңызды. Бұл сұранысты тиімді шешу мақсатында жергілікті табиғи жағдайларға бейімді, әрі ет-май өнімділігі бойынша жоғары, қолдан өсіріліп отырылған қылшық жүнді құйрықты қой тұқымдарының генофондын пайдалану қажет. Осы бағытта Г. Долдашеваның диссертациялық жұмысы Қ.Р. Білім және Ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған № 267 «Повышение доступности знаний научных исследований» бюджеттік бағдарламасы негізінде «Разработка технологий производства ягнятины от различных пород, откорм молодняка для получения постного мяса» (№ BR06249209 ) жобасының аясында орындалды. Яғни, Г. Долдашеваның орындалған ғылыми-ізденіс жұмысын өзекті, әрі мемлекеттік ғылыми бағдарламалармен тығыз байланысты болды деп есептеуге болады.

Докторант Г. Долдашева ғылыми-ізденіс жұмыстарын алдын-ала құрылған жұмыс сұлбасына сәйкес толығымен орындады. Алынған ғылыми нәтижелер негізінде қазақтың қылшық жүнді құйрықты қой тұқымынан Ақмола облысы өңірінде жас қозы етін өндіруге толық мүмкін екенін анықтады және оның тиімділігін дәлелдей білгенін айтуға болады.

Г. Долдашева ғылыми-ізденіс жұмыстарын орындау барысында алынған ғылыми нәтижелер негізінде 16 ғылыми басылымдарда ғылыми еңбектерін жариялады. Оның ішінде, Scopus деректер қорына енетін-1 журналда, Қ.Р. БҒМ білім және ғылыми саласындағы бақылау комитеті ұсынған тізімге кіретін журналдарда-3, РФ БҒМ Жоғары аттестациялық комиссиясы ұсынған журналдарда-2 және әртүрлі халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың жинақтарында-7 ғылыми мақалалары жарияланды. Сонымен қатар, «қозы етін өндіру технологиясы ұсыныстары» ғылыми-тәжірибелік еңбек авторларының белсенді авторларының бірі.

Г. Долдашева докторантура мерзімінде өзіне тапсырылған тапсырмаларды уақытында орындап отырды және диссертациялық тақырыпқа сәйкес ғылыми ізденіс жұмыстарын да мерзімінде орындап отырды. Сонымен қатар оқу-әдістемесін және ғылыми-ізденіс жұмыстарын орындау барысында өзінің оқу ісінің білікті маманы, ғылыми қызметкер екенін және жоғары жауапкершілігін көрсетті. Жалпы, Г. Долдашеваның ғылыми-ізденіс жұмыстары, ғылыми жарияланымдары және докторлық

диссертациясы докторантураға берілген мерзімге сәйкес орындалған, тек Scopus деректер қорына енетін журналда шығатын мақаласы әртүрлі себептермен мерзімінде жарияланбады. Сондықтан докторанттың өкінішке орай диссертациялық жұмысын қорғауы мерзімінен кешірек іске асырылуда.

Докторант Г. Долдашева докторлық диссертация тақырыбына сәйкес ғылыми-ізденіс жұмыстарын докторантура мерзімі аяқталғаннан кейін де тоқтатқан жоқ, яғни ұдайы ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуда. Қазіргі уақытта, бағдарламаны мақсатты қаржыландыру бағытының BR22885692 «Разработка современных селекционно-технологических и молекулярно-генетических методов совершенствования, сохранения и рационального использования генетических ресурсов овец разных направлений продуктивности» ғылыми-техникалық бағдарлама аясында қой шаруашылығының өнімдерін өндіру және жетілдіру бағыты бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жалғастыруда.

Жалпы, жоғарыда келтірілген мәліметтер негізінде докторант Г. Долдашеваның «Ақмола облысы жағдайында жас қой етін өндіру технологиясын жетілдіру» тақырыбына орындалған диссертациялық жұмысы өзіндік аяқталған ғылыми зерттеу жұмыс және 6D080200 «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша қойылған талаптарға сәйкес орындалған, сондықтан Г. Долдашева философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Отандық ғылыми кеңесші,  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ  
агротехникалық зерттеу  
университетінің профессоры,  
а.ш.ғ.д.

профессоры,



Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы

С. Шауенов

қолын растаймын:

Ғалым - хатшы

*А. Әбділдин*